



Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаның іске асырылуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де ұйымдар (келісім бойынша):

1) Бағдарламаны іске асыру бойынша шаралар қабылдасын;

2) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысында белгіленген тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. "Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017 – 2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 27 қантардағы № 23 қаулысында күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 2 шілдедегі
№ 401 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ Бағдарлама паспорты

Бағдарламаның Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға атаяу арналған мемлекеттік бағдарламасы

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына; "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Занына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық

Әзірлеу үшін даму жоспарына; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 3-тармағына; Ел бірлігі доктринасына сәйкес әзірленді

Бағдарламаны
әзірлеу үшін
жауапты
мемлекеттік
орган

Бағдарламаны
жузеге асыру
үшін жауапты
мемлекеттік
органдар

Бағдарламаның
максаты Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сактай отырып, қазақстанның бірtektilik пен бірлікті нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясаты

Мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;
мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;
мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін арттыру;
мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;
казак тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;
қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қазақ тілі әліпбін латын графикасына көшіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу, тіл мәдениетін жетілдіру;
орыс тілінің коммуникативтік-тілдік кеңістікте қызмет етуі;
Қазақстандағы тілдік әралуандықты сактау;
ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену,
оқытудың үштілді моделін дамыту;".

Міндеттері

Іске асыру
мерзімі

2 0 1 1	–	2 0 1 9	ж ы л д а р :
бірінші кезең:	2 0 1 1	–	2 0 1 3 ж ы л д а р
екінші кезең:	2 0 1 4	–	2 0 1 6 ж ы л д а р

үшінші кезең: 2017 – 2019 жылдар

М ы на л а р д а ы :

- 1) мемлекеттік тілді менгерген тұрғындардың үлесін (2016 жылы – 80 %, 2017 жылы – 83 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 90 %);
- 2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мектеп түлектерінің үлесін (2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);
- 3) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2017 жылы – 70 %, 2018 жылы – 71 %, 2019 жылы – 72 %);
- 4) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 60 %, 2017 жылы – 75 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);
- 5) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сакталуы болғанда қанағаттанушылық дәрежесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 75 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 81%, 2019 жылы – 82 %);
- 6) республикадағы орыс тілін менгерген тұрғындардың үлесін (2017 жылы – 89 %, 2018 жылы – 89 %, 2019 жылы – 89 %);
- 7) этномәдени бірлестіктер жаңындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курстармен қамтылған этностардың үлесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 73 %, 2018 жылы – 78 %, 2019 жылы – 80 %);
- 8) республикадағы ағылшын тілін менгерген тұрғындардың үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 22 %, 2017 жылы – 23 %, 2018 жылы – 25 %, 2019 жылы – 27 %);
- 9) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) менгерген тұрғындардың

Нысаналы
индикаторлар

үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 20,5 %, 2017 жылы – 22 %, 2018 жылы – 24 %, 2019 жылы – 25 %) ұлғайту.

2011 – 2019 жылдары Бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттердің қаржаты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаржат жұмсалатын болады. Бағдарламаның бірінші кезеңін іске асыруға арналған мемлекеттік бюджеттің жалпы шығыны 19134,9 млн. теңгені құрады.

Каржыландырыу Бағдарламаның екінші кезеңін іске асыруға арналған мемлекеттік бюджеттің жалпы көздері мен шығыны 9 702,1 млн. теңгені құрады. көлемі Бағдарламаның үшінші кезеңін іске асыруға арналған мемлекеттік бюджеттің жалпы шығыны 7 264,5 млн. теңгені құрайды.

Бағдарламаны үшінші кезең бойынша қаржыландырыу көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерді тиісті қаржы жылдарына қалыптастырған кезде нақтыланатын болады.

Kіріспе

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Конституциясының 7 және 93-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандығы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 3-тармағына, Ел бірлігі доктринасына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет" Ұлт жоспарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама елімізде қалыптасқан тіл құрылышын талдауға негізделген, тіл саясаты мәселелерімен айналысатын сарапшылар қауымының пікірлері мен ұсыныстары ескерілген.

Бағдарламаны әзірлеу кезінде 30-дан астам шет елдің мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға қатысты мәселелерінің құқықтық реттеу тәжірибесі зерделенді.

Бұл құжат қоғамдық өмірдің барлық салаларында тілдерді дамыту мен қолдану және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауға байланысты өзекті проблемаларды шешудің нормативтік ұйымдастырушылық негізі болып табылады.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII сессиясында: "Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет" деп атап көрсеткен болатын.

Ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл жалпыұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде айқындалған. Оны менгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындастырышы тетік болуға тиіс.

Мемлекет басшысының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласының негізгі міндеттерінің бірі қазақ тілі әліпбійн латын графикасына көшіру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Бағдарламада белгіленген Мақсаттар мен міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Бағдарламада көзделген барлық іс-шаралар жалпыұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамытудың басымдығына негізделген және азаматтардың рухани-мәдени және тілдік қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған.

Бағдарламаны іске асырудың нәтижелі болуы негізгі бағдарламалық шараларды жоспарланған іс-шаралардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету кезінде мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына кіріктіру жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Сонымен қатар бұл іс-шаралардың практикалық нәтижесіне қол жеткізу үшін республиканың барлық мемлекеттік органдары мен шаруашылық субъектілері, оның ішінде ұлттық компаниялар мен қаржылық ұйымдарының бірлескен күш-жігери қажет.

Ағымдағы ахуалды талдау

Тәуелсіз Қазақстанда оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық қеңістік құру тіл саясатын кезең-кезеңімен іске асыру арқылы жолға қойылып отыр.

1997 – 2000 жылдары "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына және Тілдерді қолдану мен дамытудың 1998 – 2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бекітілуіне орай қоғам өмірінің негізгі салаларында тіл құрылышының құқықтық негізі қалыптаса бастады.

2001 – 2010 жылдары Тілдерді қолдану мен дамытудың он жылдық кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде тіл құрылышы стратегиясының мынадай үш бағыты айқындалды: мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін қеңейту және нығайту, орыс тілінің жалпы мәдени функцияларын сақтау, Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту. Сондай-ақ осы кезеңде Мемлекет басшысының бастамасы бойынша "Тілдің үш тұғырлылығы" атты ұлттық мәдени жобасын іске асыру басталды.

Осы Бағдарламаны іске асыру қорытындылары Қазақстан Республикасындағы болашақ тіл құрылышының негізін қалады:

1) мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымы елеулі түрде кеңейді: қазақ тілінде оқытып, тәрбиелейтін ұйымдар – 5644, мектептер – 3798, мемлекеттік тілді оқыту орталықтары – 87;

2) іс қағаздарын жүргізуі мемлекеттік тілге көшіру процесі белсененді іске асырылуда (мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі құжаттардың үлес салмағы шамамен 88 %-ды құрайды);

3) 219 баспа жобалары, олардың ішінде 65 оқу-әдістемелік құралдар, 47 балаларға арналған кітаптар, 45 салалық сөздіктер және 62 танымдық, ғылыми, публицистикалық кітаптар жарық көрді. "Қазақ сөздігі" атты қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі және инновациялық негізде әзірленген "Даналық әліппесі" атты оқыту кешені жарық көрді;

4) бірқатар тележобалар: реалити-шоулар, қазақ тілін оқыту сабактары, анимациялық фильмдер және тағы басқалар іске асырылды;

5) IELTS (Ұлыбритания) және TOEFL (Америка Құрама Штаттары) жүйелері бойынша тілді бағалаудың көпденгейлік жүйесі "Қазтест" жүйесі әзірленді. "Қазақ сөзі" (500 сөзден тұратын) және "Қазақ сөзі" 900 сөзден тұратын оқу-әдістемелік құралдар мемлекеттік тілді оқытудың жаңа әдістемесі негізінде әзірленді.

6) мемлекеттік тіл орталықтарын аккредиттеу жүйесінің әдіснамасы әзірленді;

7) шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдеріне ана тілін үйренуде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдауды ұйымдастыру жүйелі негізде жүргізіледі. Шетелде тұратын отандастарды қолдау мақсатында Еуропа қазақтарының дәстүрлі кіші құрылтайы мен өнер фестивалі өткізіледі, сондай-ақ шетелде тұратын отандастардың тыныс-тіршілігі мәселелері бойынша әлеуметтік және талдамалық зерттеулер жүргізіледі;

8) Қазақстандағы этностардың тілдерін оқыту бойынша көптілділіктің инновациялық әдістемесі дайындалды;

9) мемлекеттік тілді үйрету процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында интернет-портал (сервисінде 20-дан астам түрі) құрылып, үнемі жаңартылып тұрады. Тілді қашықтан оқытуды кеңінен пайдалану үшін "Tilalemi.kz" порталы және "Atau.kz" ономастикалық, "Emle.kz" орфографиялық, "Termincom.kz" терминологиялық базалары іске қосылды.

10) қазақ тілді интернет-ресурстарды, контенттерді дамыту мақсатында тілді қашықтан оқыту курстарының саны ұлғайды;

11) мемлекеттік тілдің коммуникативтік функциясы нығаюда (мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) контентінде қазақ тіліндегі хабарлардың көлемі, сондай-ақ БАҚ-та мемлекеттік тілдің үлесі 71%-дан жоғары);

12) "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 21 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңы және бірқатар занға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды;

13) Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі құрылды.

Осы жылдардағы (2011 – 2019 жылдардағы) тіл құрылышының қисыны елімізде бір қатар проблемалық аспектілердің бар болуымен байланысты.

Қоғамда мемлекеттік тілді менгерудің әркелкі деңгейі.

Аталған аспект мемлекеттік тілді оқытуудың әдіснамасы қалыптасқанмен, қазақ тілі оқытушылары мен мамандарының біліктілігін арттыру мәселесінің толыққанды шешілмеуімен, қазақ тілін оқытуудың В1, В2 деңгейлері бойынша оқыту әдістемесінің жетіспеушілігімен, көрсетілген деңгейлер бойынша жүйелендірілген оқу-әдістемелік құралдар базасының болмауымен де байланысты.

Елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуі.

Бұл бағыттағы проблемалы мәселелер, ең алдымен, халықаралық коммуникациялар, туризм, демалыс пен ойын-сауық саласында мемлекеттік тілді белсенді қолдану аясының кеңеюіне, оны зан, ғылым және жаңа технологиялардың тілі ретінде дамытуға байланысты. Сонымен қатар проблемалық мәселе мемлекеттік тілдің қолдану мәртебесін арттыру, оны отбасы құндылығы ретінде танымал ету сияқты мәселелердің маңызды тізбесі болып табылады.

Сондай-ақ қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстарын жүргізуді барынша ақпараттандыру маңызды.

Қазақстандық қоғамда тіл мәдениетінің төмендеуі.

Көрсетілген аспектіде терминология, антропонимика және ономастика салаларындағы проблемалар бар. Осыған байланысты стандарттау бойынша терминология саласын жетілдіру және терминдерді біріздендіру жұмыстары аса маңызды болып табылады.

Лингвистикалық кеңістікте сөйлеу және жазу мәдениетін жетілдіру, қазақ тілінде интернет тұтынушылары қатарының өсу шамасы бойынша БАҚ-та тіл тазалығын, тіл мәдениеті, сөйлеу әуезділігін сақтауда айтарлықтай проблемалық мәселелер бар.

Осыған байланысты тіл мәдениеті нормаларының сақталуы бойынша шараларды ұйымдастыру көзделеді.

Қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту қажеттілігі.

Бұл аспектіде қазақстандықтардың бәсекелестік басымдығы ретінде тұрғындардың үш (қазақ, орыс және ағылшын) тілді қатар менгеруіне, Қазақстан мәдениетінің тілдік

Әралуандығын қалыптастыратын этностардың тілдерін сақтау үшін жағдай жасауға және халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйренуге байланысты проблемалар жиынтығы орын алады.

Осы проблемаларды шешудің және нормативтік құқықтық базаны жетілдірудің басым қажеттілігі бағдарламаның мынадай мақсаттары мен міндеттерін көздейді.

Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және оны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаттары:

- 1) мемлекеттік тілді менгеруді қамтамасыз етудің тиімді тәсілдеріне қол жеткізу;
- 2) мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолдануын танымал ету;
- 3) дамыған тіл мәдениеті зиялды ұлттың әлеуметтік-мәдени байлығының элементі ретінде;
- 4) қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту.

Нысаналы индикаторлар:

Мыналарды:

- 1) мемлекеттік тілді менгерген тұрғындардың үлесін (2016 жылы – 80 %, 2017 жылы – 83 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 90 %);
- 2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мектеп тұлектерінің үлесін (2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);
- 3) мемлекеттік бұкаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесін (2017 жылы – 70 %, 2018 жылы – 71 %, 2019 жылы – 72 %);
- 4) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесін (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 60 %, 2017 жылы – 75 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);
- 5) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 75 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 81 %, 2019 жылы – 82 %);
- 6) республикадағы орыс тілін менгерген тұрғындардың үлесін (2017 жылы – 89 %, 2018 жылы – 89 %, 2019 жылы – 89 %);
- 7) этномәдени бірлестіктер жаңындағы қазақ және ана тілдерін оқытатын курсармен қамтылған этностардың үлесін (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 73 %, 2018 жылы – 78 %, 2019 жылы – 80 %);
- 8) республикадағы ағылшын тілін менгерген тұрғындардың үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 22 %, 2017 жылы – 23 %, 2018 жылы – 25 %, 2019 жылы – 27 %);
- 9) республикадағы үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) менгерген тұрғындардың үлесін (2013 жылы – 10 %, 2016 жылы – 20,5 %, 2017 жылы – 22 %, 2018 жылы – 24 %, 2019 жылы – 25%) ұлғайту.

Міндеттер:

- 1) мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау;
- 2) мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымын дамыту;
- 3) мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру;
- 4) мемлекеттік тілді қолдану мәртебесін арттыру;
- 5) мемлекеттік тілге сұранысты арттыру;
- 6) қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу;
- 7) қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қазақ тілі әліпбійн латын графикасына көшіру бойынша кешенді жұмыстар жүргізу, тіл мәдениетін жетілдіру;
- 8) коммуникативтік-тілдік кеңістікте орыс тілінің қызмет етуі;
- 9) Қазақстандағы тілдік әралуандықты сақтау;
- 10) ағылшын және басқа да шет тілдерін оқып-үйрену, оқытудың үштілді моделін дамыту.

Нәтижелердің көрсеткіштері:

- 1) қазақ тілі бойынша педагог кадрларды даярлауға көзделген гранттардың саны (жыл сайын 500 адам);
- 2) онлайн режимінде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып үйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың үлесі (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 50 %, 2017 жылы – 65 %, 2018 жылы – 75 %, 2019 жылы – 90 %);
- 3) мемлекеттік тілді оқитындар санының өсуі (2013 жылы – 30 %, 2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);
- 4) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді менгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі: В1 деңгейінде (2016 жылы – 25 %, 2017 жылы – 28 %, 2018 жылы – 30 %, 2019 жылы – 35 %); С1 деңгейінде (2016 жылы – 5%, 2017 жылы – 8 %, 2018 жылы – 9 %, 2019 жылға қарай – 10 %);
- 5) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мемлекеттік қызмет көрсететін үйымдардағы, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингтердің қызметкерлерінің үлесі (2016 жылы – 10 %, 2017 жылы – 30 %, 2018 жылы – 32 %, 2019 жылы – 35 %), С1 деңгейінде (2016 жылы – 5 %, 2017 жылы – 7 %, 2018 жылы – 8 %, 2019 жылға қарай – 9 %);
- 6) мемлекеттік тілді танымал етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың үлесі (жыл сайын 10 %);
- 7) мемлекеттік БАҚ эфиріндегі мемлекеттік тілдегі жаңа телевизиялық жобалар санының өсуі (жыл сайын 10 %);
- 8) мемлекеттік тілде шығатын баспа БАҚ-ты қолдауға бағытталған мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың үлесі (жыл сайын 50 %);
- 9) терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің саны (өсу қорытындысымен) (2016 жылы – 18000, 2017 жылы – 21000, 2018 жылы – 24000, 2019 жылы – 27000);

10) көрнекі ақпараттарда мемлекеттік тілдің пайдаланылу дәрежесі (2013 жылы – 30 %, 2016 жылы – 50 %, 2017 жылы – 70 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 100 %);

11) қазақ және ана тілдерін үйрету бойынша әдістемелік көмекпен қамтылған ұлттық-мәдени бірлестіктері бар этностардың үлесі (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 60 %, 2017 жылы – 75 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 100 %);

12) орталықтардың жалпы санына шаққанда ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрету бойынша қызмет көрсететін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының үлесі (2013 жылы – 50 %, 2016 жылы – 75 %, 2017 жылы – 85 %, 2018 жылы – 86 %, 2019 жылы – 87 %).

Бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

Бірінші бағыт – мемлекеттік тілді менгеру

Мақсаты: мемлекеттік тілді менгеруді қамтамасыз етудің тиімді тәсілдеріне қол жеткізу

Нысаналы индикаторлар:

1) мемлекеттік тілді менгерген тұрғындардың үлесі (2016 жылы – 80 %, 2017 жылы – 83 %, 2018 жылы – 85 %, 2019 жылы – 90 %);

2) мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мектеп түлектерінің үлесі (2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %).

Бағдарламаның бірінші бағытын іске асыру арқылы Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді менгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды үйимдастыру көзделеді. Бұл жүйенің өзегі үшкүрамды негізден тұрады – мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру, оқытудың инфрақұрылымын кеңейту және мемлекеттік тілді менгеру процесін ынталандыру. Аталған тәсіл бірінші бағыттың үш міндетін айқындаиды.

1. Мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру және стандарттау.

Мемлекеттік тіл оқыту әдіснамасын жетілдіру үшін, ең алдымен, оқытуудың тиісті стандарттарын жетілдіру және үздіксіз білім беру моделін құру арқылы мемлекеттік тілді менгеру деңгейін бағалау жүйесін енгізу көзделген.

Көпденгейлі стандарт тілді A1-A2 деңгейлері бойынша қарапайым түрде пайдалану, тілді B1-B2 деңгейлері бойынша өз бетінше пайдалану және тілді C1-C2 деңгейлері бойынша біліктілікпен пайдалану көзделуге тиіс.

Құрылған стандартты жүйенің негізінде мемлекеттік тілді оқытуудың әдіснамалық негізін дайындау, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де әзірлеу көзделеді.

Осы шаралар мемлекеттік тілді бастауыш сыныптардағы оқушылардың A1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың A2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының B1

денгейінде, жоғары оқу орны студенттерінің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, тілді менгеру әдістемесін жетілдіру мен жаңғырту көзделеді. Қазақ тілі толыққанды құнделікті қызметтік және қесіптік қарым-қатынас тілі болуға тиіс.

Үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқытуудың стандарты негізінде шығармашылық педагогикалық ізденістің және оқытуудың жаңа әдістемелерін әзірлеудің тұрақты процесі сөзсіз қажеттілікке айналатын болады.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес қазақ тілі оқытушыларын оқыту және олардың біліктілігін арттыру құрылатын жүйенің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Мамандарды жоғары сапалы деңгейде оқыту ісін жүргізуге үйымдастырушылық және әдістемелік мүмкіндігі бар ғылыми-білім беру орталықтары санының аздығына байланысты қашықтан оқыту жүйесін кеңінен енгізу көзделеді.

2. Мемлекеттік тілді оқытуудың инфрақұрылымын дамыту. Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді менгеру жүйесінің ең қажетті екінші компоненті мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының қызметі болып табылады. Қазақ тілін оқытуға арналған осы орталықтар оқу орындарын бітірген Қазақстанның ересек азаматтарының мемлекеттік тілді менгеруінің инфрақұрылымдық базасына айналуға тиіс.

Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының стратегиялық даму жоспары, басқару құрылымы, оқу процесін үйымдастыру, материалдық-техникалық ресурстарының болуы қажет.

Орталықтардың қызметін бағалауға орталық тыңдаушыларының "Қазтест" жүйесі бойынша емтихан тапсыру нәтижелері туралы шынайы мәліметтер негіз болады.

3. Мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру. Қойылған мақсатқа қол жеткізудің үшінші міндетті компоненті мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру және мониторинг жүргізу жүйесін құру болып табылады.

Аталған міндетті мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік қызмет көрсету, сондай-ақ халыққа қызмет ұсыну саласындағы үйымдар қызметкерлерінің (банктер, сауда үйымдары, қызмет көрсету саласы және тағы басқалары) қазақ тілін білу деңгейіне қойылатын ең тәменгі талаптарды айқындау арқылы іске асыру көзделеді.

Аталған шара мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсету үйымдары қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты негізінде қазақ тілін оқыту жүйесін үйымдастыруды қажет етеді. Мемлекеттік тілді қажетті көлемде менгермен мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік қызмет көрсететін үйымдардың қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білу деңгейі жыл сайын "Қазтест" жүйесінің негізінде анықталуға тиіс.

Әрбір мекеме ұйымдастырған мемлекеттік тілді оқыту курсының аяқталуы бойынша қызметкерлер "Қазтест" жүйесі арқылы сертификаттық тестілеуге қатысып, білім деңгейін анықтайды.

Қызметкерлердің мемлекеттік тілді білу деңгейі коммуникативтік талаптарды анықтайтын ұлттық стандарттар негізінде белгіленеді.

Тест технологиясы диагностикалық және сертификаттық тесттен тұрады.

Білім беру жүйесінің барлық сатыларында мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау жүйесін жетілдіру мәселесін пысықтау көзделеді. Қазақ тілі білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың қажетті және міндettі компонентіне айналуға тиіс.

Қазақ тілін үйренуге мүдделі барлық тұлғаларға кеңінен мемлекеттік қолдау көрсету көзделген. Осы шаралардың қатарында мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жанынан білім деңгейі бойынша тегін курстар ұйымдастыру, сондай-ақ осы жұмысқа мемлекеттік-жекешелік әріптестік әдістерін тарту бар.

Сонымен қатар оқытудың инновациялық нысандары мен әдістемелерін әзірлеу арқылы қазақ тілін қашықтан оқытуды кеңінен енгізу көзделеді.

Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдеріне ана тілін менгеру үшін саяси-дипломатиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетілетін болады. Сонымен қатар отандастар мәселелері бойынша сараптамалық және зерттеу жұмыстарының жүйесін ұйымдастыру көзделеді.

Нәтижелердің көрсеткіштері:

1) қазақ тілі бойынша педагог кадрларды даярлауға көзделген гранттардың саны (жыл сайын 500 адам);

2) онлайн режимде қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып ұйымдастырылған мемлекеттік тілді оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралардың үлесі (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 50 %, 2017 жылы – 65 %, 2018 жылы – 75 %, 2019 жылы – 90 %);

3) мемлекеттік тілді оқытындар санының өсуі (2013 жылы – 30%, 2016 жылы – 70 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);

4) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2016 жылы – 25 %, 2017 жылы – 28 %, 2018 жылы – 30 %, 2019 жылы – 35 %), С1 деңгейінде (2016 жылы – 5 %, 2017 жылы – 8 %, 2018 жылы – 9 %, 2019 жылға қарай – 10 %);

5) "Қазтест" жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді В1 деңгейінде менгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы, сондай-ақ ұлттық компаниялар мен ұлттық холдингердің қызметкерлерінің үлесі (2016 жылы – 10 %, 2017 жылы – 30 %, 2018 жылы – 32 %, 2019 жылы – 35 %), С1 деңгейінде (2016 жылы – 5 %, 2017 жылы – 7 %, 2018 жылы – 8 %, 2019 жылы – 9 %).

Екінші бағыт – мемлекеттік тілді көшіліктің қолдануын танымал ету және оның пайдаланылу аясын кеңейту

Мақсаты: "Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануын танымал ету".

Нысаналы индикаторлар:

1) мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тіліндегі контенттің үлесі (2017 жылы – 70 %, 2018 жылы – 71 %, 2019 жылы – 72 %).

Екінші мақсатқа қол жеткізудің алгоритмі арқылы мемлекеттік тілдің беделін арттыру мен қолданылу аясын кеңейту жөніндегі жұмысты жүзеге асыруды көздейді.

1. Мемлекеттік тілді азаматтық қоғам институттарында және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолдану.

Бұл міндетті іске асыруға қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру және орнықтыру арқылы қол жеткізіледі. Бұл бағытта PR-технологиялар негізгі рөлге ие болады. Бұл үшін мемлекеттік тілді танымал етуге қол жеткізу және насиҳаттау жөніндегі арнайы жұмыстарды ұйымдастыру қажет.

Нысаналы аудиториялардың негізгі ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі позитивті бейнeler мен модельдерді әзірлеу негізінде мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру жөніндегі жұмысқа табысты мэртебелі тұлғаларды, оның ішінде мемлекеттік және басқа да тілдерді білетін этнос өкілдерін тарту көзделеді

Аталған жұмыстар жиынтығы, сондай-ақ мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру процесіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тетігі мен мемлекеттік ақпараттық тапсырыс негізінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үкіметтік емес сектордың шығармашылық әлеуетін тартуды талап етеді.

Жоспарланып отырған шарапалар қатарында интернетті қоса алғанда, БАҚ-тың барлық түрінде мемлекеттік тілді көпшілікке танымал ететін үлгі тұтарлық бейнelerді медиалық ротациялау, көпшілікке арналған мерзімді басылымдарды шығаруды, негізгі нысаналы аудиториялар үшін көрнекі және имидждік өнімдер шығара отырып, көрнекі үгіт құралдарының PR іс-шарапалар кешенін ұйымдастыруды қамтамасыз ету көзделген.

Мемлекеттік тілді көпшіліктің қолдануына қол жеткізу жөніндегі жұмысқа бірлескен акциялар өткізу арқылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік әдістерін тарту көзделеді.

Мемлекеттік тілді отбасы құндылығы ретінде көпшіліктің қолдануына қол жеткізу аталған жүйенің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ тілінде сөйлейтін, оның ішінде этностар мен шетелдік диаспоралар өкілдерінің танымал отбасыларын PR жұмысына тарту арқылы мемлекеттік тілді отбасындағы қарым-қатынас тілі ретінде көпшіліктің қолдануына қол жеткізу жөнінде ауқымды науқан ұйымдастыру көзделеді.

Сонымен қатар қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, ақпараттық-идеологиялық сипаттағы шарапалар кешенін, ақпараттық және қоғамдық науқандар, ірі қоғамдық қозғалыстар, акциялар мен жобалар, ұйымдастыру талап етіледі.

Қоғамдық пікірді қалыптастыру жөніндегі жұмыстардың маңызды элементінің бірі – мемлекеттік тілді қолдану мәселелеріндегі ұнамсыз стереотиптерді бейтараптандыру көзделеді.

Осы бағыттағы жұмыс мемлекеттік тілді пайдалану мен қолдану саласындағы жағымсыз стереотиптік пікірлердің алдын алу жөнінде зерттеу-талдау қызметін жүргізу, қажетті шаралар кешенін айқындау арқылы жолға қойылатын болады.

Үкіметтік емес сектор мен масс-медиа әлеуеті мемлекеттік тілді қолдану саласындағы жағымсыз аспектілерді қоғамдық айыптау тетіктерін қалыптастыру жөніндегі жұмыстың негізгі ресурсына айналуға тиіс.

2. Мемлекеттік тілге сұранысты арттыру.

Қойылған мақсатқа қол жеткізудің екінші міндеті мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық саласына интеграциялау болып табылады.

Осы бағытта мемлекеттік тілде хабар тарататын жаңа телевизиялық арналар құру арқылы тілдік ортаны қалыптастырудың БАҚ-тың рөлін күшетуге ерекше назар аударылып отыр. Бұл ретте цифрлық телерадио хабарларын таратуды енгізу арқылы айрықша мүмкіндіктер ашылады.

Сондай-ақ балалар мен жастарға арналған қазақ тіліндегі контентті кеңейту, арнайы оқыту бағдарламаларын, фильмдер жасау арқылы мемлекеттік тілді оқыту процесін ұйымдастыруда медиялық саланың әлеуетін белсенді пайдалану көзделеді.

Сондай-ақ қазақ тіліндегі интернет-ресурстарды мемлекеттік қолдау жүйесі арқылы қазақ тілді БАҚ-тарға жүйелі қолдау көрсету де маңызды аспект болып саналады.

Қоғамдағы тіл мәдениетін тікелей қалыптастыратын адамдар ретінде БАҚ қызметкерлеріне қойылатын міндетті тілдік біліктілік талаптарын енгізу ерекше рөлге ие болады.

Сонымен бірге аталған бағытта мемлекеттік тілді ғылым, заңнамалық актілер және жаңа технологиялар тілі ретінде дамыту шаралары көзделеді.

Осы аспектіде дәстүрлі және инновациялық тәсілдер негізінде өзіндік ғылыми-технологиялық тілдік базаны қарқынды дамыту барынша өзекті болып саналады.

Энциклопедияларды, ғылыми-публицистикалық, іскерлік, көркем және басқа да әдебиеттерді түпнұсқа тілінен қазақ тіліне аудару ісін ұйымдастыру және көп таралыммен шығару мемлекеттік тілдің қазіргі қолданбалы ғылым тілі ретіндеңде рөлін барынша күшетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ "электрондық үкімет" шеңберінде электрондық қызмет көрсетудің барлық деңгейінде қазақ тілінің қолданылуын жандандыру көзделеді.

Қазақ тілінің халықаралық коммуникациялар, демалыс және ойын-сауық саласында қолданылуын кеңейте түсу де көзделіп отыр.

Мәдениет мекемелерінің репертуарларын қазақ тіліндегі жаңа контентпен толықтыру қажеттілігі мемлекеттік тілдегі жаңа қойылымдарды және жобаларды, оның ішінде балалар мен жасөспірім көрермендер аудиториясына бағытталған шығармаларды туындау үшін шығармашылық әлеуетті ынталандыруға арналған конкурстық шараларды ұйымдастыру және өткізудің міндеттерін айқындалап берді.

Бұқаралық мәдени, спорт және басқа да көпшілік шараларды өткізген кезде мемлекеттік тілді кеңінен қолдану сөзсіз қажеттілікке айналуға тиіс.

Мемлекеттік тіл халықаралық кездесулер өткізу, шарттарды, келісімдерді және өзге де халықаралық актілерді ресімдеу кезінде негізгі тіл болуға тиіс.

Этнотуристік іс-шараларды (мәдени-этнографиялық ескерткіштерге саяхат, скаутинг, балалардың этносаяхаттары және жазғы этнолагерьлер) ұйымдастырған кезде мемлекеттік тілдің әлеуетін белсенді пайдалану өте өзекті болып саналады.

Нәтижелердің көрсеткіштері:

1) мемлекеттік тілді танымал етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың үлесі (жыл сайынғы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруға бөлінетін қаражаттың жалпы көлемінің 10 %-ы);

2) мемлекеттік БАҚ эфирінде мемлекеттік тілдегі жаңа телевизиялық жобалар санының өсуі (жыл сайынғы телевизиялық жобалардың жалпы санының – 10 %-ы);

3) мемлекеттік тілде шығатын баспасөзді қолдауға бағдарланған мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың үлесі (жыл сайын 50 %).

Үшінші бағыт – қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін арттыру.

Мақсаты: "Дамыған тіл мәдениеті зиялы ұлттың әлеуметтік-мәдени байлығының элементі"

Нысаналы индикаторлар:

1) қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі (2013 жылы – 20 %, 2016 жылы – 60 %, 2017 жылы – 75 %, 2018 жылы – 90 %, 2019 жылы – 100 %);

2) тұрғындардың ономастикалық комиссиялардың жұмысындағы шешім қабылдау процесін талқылау кезінде қоғамдық қолжетімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуы бөлігінде қанағаттанушылық дәрежесі (2013 жылы – 60 %, 2016 жылы – 75 %, 2017 жылы – 80 %, 2018 жылы – 81 %, 2019 жылы – 82 %).

1. Қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу

Аталған бағытты іске асыру, ең алдымен, әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын жүйелендіруді қамтамасыз ету көзделеді.

